

«Сіз білесіз бе?»»**(«Тагдырластар» клубынын кезекті басқосуы)**

2022 жылдын 9 қыркүйек Шымкент қалалық көзі көрмейтін және әлсіз көретін азаматтарға арналған арнайы кітапханада «Тагдырластар» клубынын кезекті басқосуы «Сіз білесіз бе?» тақырыбында қызықты кездесу болып өтті. Айтулы шараны клуб жетекшісі Ербек Бакиев жүргізіп, қызықты түрлі ойындар ұйымдастырып, жыл көлеміндегі ақын жазушылардың мерейтой иелерінің жылдары мен шығармалары жасырылған сұрақтар дайындап жауап берген жеңімпаздарға түрлі сый-сияпаттар табыстады. Кеш барысында қыркүйек айында туылған тагдырлас жандарды туган күндерімен құттықтап Қазақ зағиптар қоғамының демеушілігімен жасалған сыйлықтар ұсынылды. Аяғоз Талғатқызы, Ернар Бердалиев, Юлдуз Бакиеванын орындауында өуезді әндер орындалды. Жастар көнілді отырып кеш сонында естелік суретке түсіп тарасты.



